



## Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 24-3 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 9 қаңтарда № 4497 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 3 ақпандағы № 20-14 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 03.02.2022 № 20-14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы "Экологиялық кодексінің" 19-1 бабының 3) тармақшасына сәйкес Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Ауыл шаруашылығы, экология, көлік және байланыс, индустріалды-инновациялық және энергетикалық инфрақұрлымның дамуы мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алакөл аудандық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Алакөл аудандық мәслихат хатшысы*

*Ө.Қойшыманов*

*С.Жабжанов*

Алакөл аудандық мәслихатының 2017  
жылғы "25 "желтоқсандағы № 24-3  
шешімімен бекітілген қосымша

## **Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1-

бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Алакөл ауданының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мұдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия (бұдан әрі – Комиссия) күрады.

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде жергілікті атқарушы органның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында қызмет атқаруға уәкілеттілік берген және тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы орган белгіленеді.

5. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

## **2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **3. Қорытынды ережелер**

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК